

2009 жылғы 10 қарашадағы N 1 "Көшелердің атауын өзгерту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының Бородулиха селолық округінің әкімінің 2010 жылғы 21 қаңтардағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 ақпанда N 5-8-104 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 35 бабы 2 тармағы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 “Нормативтік құқықтық актілер туралы” Заңының 28 бабы негізінде, Бородулиха селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2009 жылғы 10 қарашадағы № 1 «Көшелердің атауын өзгерту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 25 қарашадағы № 5-8-97 санымен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 56 (6318) санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1) 1 тармағындағы сөздер: «Коммунистическая көшесі - Кеңес Одағының Батыры Федор Серединнің есімі көшесіне» келесі редакцияда баяндалсын: «Коммунистическая көшесі – Ф. Середин көшесіне».

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Бичуинов